

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Абай нұсқасының құрылымы өте көлемді, екі мың алты жүз жолдан тұрады. Абай осы жырда өзіне тән «қас» сөзін көбірек қолданады. Мысалы: «*Ту жығылса, болдық қой қас масқара*», «*Сүймес кісім кез болса қас шұнақпын*», «*Қас алтыннан қолында жүзігі бар*». Тағы да Абайға тән сұлулықты шебер суреттеуді мына мысалдан көре аламыз:

Аппақ керік маңдайлы, қылығы наз,
Малың түгіл, басыңды берсең де аз.
Сыртынан күлімсіреп сөйлесе де,
Көңілі қош болмайды баймен араз.

Осы тектес сұлу жар бейнесін Абайдың атақты «Көзімнің қарасы» өлеңінен де жолықтырамыз:

Кісімсіп дүрдараз,
Бұрандап қылма наз.
Мал түгіл, басымды,
Жолыңа берсем де аз.

Осы мысалды келтіру арқылы, біз Потанин нұсқасы Абайдікі екенін дәлелдей түсеміз. Сөзімізге тұздық ретінде Әлкей Марғұланның Абайға тән ақындық суреткерлігін байқататын мысалдарын келтірейік:

Ойлашы, солар шыны дос емес пе?
Өзге доспын дегендер бос емес пе?
Бірі үшін жаратышты бірін Құдай,
Ақ ашық, Алла қосқан осы емес пе?
Жарын көріп жан беріп сап-сау Баян,
Үлгі болған кейінгі білгендерге.

Бұл шумақтан Абайға тән қайталаулар мен махаббат, оқырманмен ашық сырласу көрінісін көре аламыз. Осындай ерекше стильмен жазатын ақындар Абайға дейін де және оның заманында болған емес.

Әлкей Марғұланның келтірген бұл мысалына Ы.Дүйсенбаев қарсы пікір айтады: «Біздіңше бұлайша кесіп айтуға әзірге ертерек сияқты. Күні бүгінге дейін Абайдың өз қолымен жазылған бірде-бір қағазды (қолжазбаны) білмейміз. «Ана бір нұсқаны, не мына бір текстті Абай жазған» деп жорамалдап жүргеніміз, шынында дәл емес, тек көңілмен жору, оймен долбарлау. Ал мұндай жағдайда Абайдың өз қолымен жазылған текстті сөз ету мүмкін емес, бос әурешілік. Алайда, бұл туралы ақырғы тұжырымды шығарманың өзімен тікелей танысқаннан кейін ұсынармыз». Зерттеуші эпостың бұл қолжазба нұсқасын «Н.Я.Коншин варианты» деп атауды ұсынады. Бірақ беделді фольклортанушы Н.С.Смирнова: «Бейсембай и Уаис – семипалатинские акыны из окружения Абая, от которых Г.Н. Потанин и М.О. Ауэзов получили не совпадающие по составу записи текста, – причастны к формированию этого признака романического эпоса. Найти его им помогли Абай (а через Абая Пушкин), казахская устная песенная лирика и дастаны» деп пікір білдіру арқылы Потанин жазып алған қолжазбаның Абайдікі екенін мойындайды.

Ғылымда әр түрлі пікір болатыны хақ. Дегенмен де, біз Әлкей Марғұланның ұстанымын алдыға тарта отырып, болашақта жазатын диссертациялық жұмысымызда жоғары да айтылып кеткен мәселелерді толығырақ қарастырамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жолдасбеков М., Қасқабасов С. Қозы Көрпеш-Баян сұлу. – Астана: Фолиант, 2002. – 353 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 271 б.
3. Садырбаев С. Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырының нұсқалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 189 б.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 234 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ЖӘНЕ МҰХАМЕТЖАН СЕРАЛИН: ТҰЛҒАЛАР ТАҒДЫРЫ МЕН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Айтуарова Жасмин Асетовна

zhasmina_25@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Кемеңгер Қ.Р.

Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мұхаметжан Сералин – ХХ ғасырдың басындағы әдебиетіміздің ерекше ақыл иелері, дарынды тұлғалары. Тіл мамандары арасында бұларды білмейтін жан жоқ шығар. Бір дәуірде ғұмыр сүріп, қилы заманды бастан кешсе де, өмірге деген көзқарасы екі түрлі болған асқақ тұлғалар.

Мұхаметжан... Замандастарының айтуынша Мұқаң... Негізінен, күні бүгінге дейін ақынды «Айқап» журналының редакторы ретінде ғана танып келдік. Жасыратын ештеңесі жоқ. Шынында да, бұл тұлға біз үшін жабық кітап, танымайтын бұлыңғыр әлем тәрізді еді. Қызығып та көрмеппіз. Бірақ, бәрі өз уақытымен демекші, бұл ақынның да қыр-сырын тану қолымызға жетіп отыр. Қазақтың көрнекті жазушысы Бейімбет Майлин «Мұқаң қалам қайраткерлерінің ішінде көзге көрініктің бірі, қаламы сұлу, түсінікті» деп ақынды бізге таныстырады.

Шәкәрімнің есімі болса, бізге бала кезімізден, мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап таныс. Өмірбаянын, шығармашылығын осы күнге дейін білеміз, жетік меңгердік деп жүр едік. Жоқ, мүлдем олай емес екен. Осыған дейін біз Шәкәрімді сырттай ғана таныппыз. Шынайы Шәкәрімнің бейнесін енді ғана көріп отырған сияқтымыз. Шәкәрім бейнесі тұнып тұрған өсиет, ақыл мен парасат екенін айқын аңғардық.

Бірі Қостанай облысында, бірі Шығыста, даламыздың екі қиыр шетінде туғанына қарамастан, бұл екі тұлғаны байланыстырып тұрған бір нәрсе бар еді. Аты әйгілі «Айқап» журналы. Мұқаң журналдың редакторы болса, Шәкәрімнің жарқын туындылары бұл журналда жариялаған болатын.

Бір-бірін танымай, бірде-бір рет көрісіп, жүздеспесе де «Айқап» журналы бұл екі жанды байланыстырған. Шәкәрім 1912 жылы оқырмандарға бес сауалын қойып, оқырманға хат жолдайды. «Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?», «Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?», «Адамға өлген соң мейлі не жөнмен болсын рахат-бейнет (сауап-азап) бар ма?», «Ең жақсы адам не қылған кісі?», «Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?». Бұл сауалдарды адамдар әртүрлі түсініп, әртүрлі жауап береді. Бұл дүниеге не үшін келгенін, не істеу керектігін, қайдан келгенін түсініп, ой-салып, толғандыру үшін қойылған сұрақтар еді. Алайда, сауалдардың жауабын ұстазы ретінде Толстойдан сұрады. Бұл екеуі бір-бірін көрмесе де, бір-бірінің шығармалары жайлы естуі әбден ықтимал еді. [4, 362]

Бұл жандардың бала кезі жайлы оқып отырып, бір қызық күйде болдық. Мұхаметжан үш жас шамасында өзінің қорғаны, арқа сүйер тірегі әкесінен ерте айырылады. Әке тәрбиесін, махаббатын көрмей өседі. Бұл Шәкәрімнің өмірінің басталар шағындағы сәтпен ұқсас. Өйткені, ақын да өзінің асқар тау панасы әкесімен коштасады. Бұл кезең ақындардың өмірінде елеулі орын алып, әрі қарай ғұмырының қалыптасуына елеулі әсерін тигізді десем, қателеспегенім.

Осылай, шаңырақтың негізгі тірегінен, қамқоршысынан айырылған Мұхметжанның отбасысы Троицк қаласындағы туыскандарының үйіне көшеді. Анасы балаларын асырау үшін, бір байдың жүн жуатын кәсіпорнына кіріп жұмыс істейді. Бос кезінде әл-ауқатты байлардың кірін жуып, үй шаруасын істеген. Шынымен де, жалғыз басымен үш баланы тәрбиелеу екінің қолынан келе бермейді. Бұл – ақын өмірінің өкінішті де, жүректі елжірететін сәті. Алайда, дүние, жер шары дөңгелек, ел арасында айтатындай «әрбір істе қайыр бар, қайырлы істің қайыры бар».

Кім білер, Мұхаметжанның өмірі осындай қилы-қилы сәттерге толы болмаса, бүгінгі күні ақынды танушы, зерттеуші ме едік, жалпы, ол жайлы білер ме едік? Өте қызық...

«БІнта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» демекші, ақын халықпен араласып, олармен танысып, қала жайы мен дала жайын, ауыл тұрмысы мен қала тұрмысын салыстырады, қазақ халқының хәлін, оның шаруашылық, мәдениет, білім, ғылым жағынан мүлде артта қалып қойғанын өз көзімен көреді. «Айқап» жураналының дүниеге келуінің де бір айғағы еді. Мұхаметжан бұл журналда қазақ жұртын отырықшы болуға, поселке салуға, егіншілікпен айналысуға шақырып, соны насихаттайды.

Бұл айтқандары, насихаттағаны бос сөз болып қалмаған еді. Ақын өз ауылын, басқа да өзінің сөзі өтетін ауылдарды жинап, Ақсор деген өңірден жер кестіріп алып, поселке салдырып, ол «Сералы» деп аталады. Бұлай аталуының өзінің де мәні бар. Мектеп, медресенің оқытушылары сонау Уфа, Қазан, Орынбор, Троицк қалаларынан алдырылады. Бұның өзі қазақ халқы үшін игі іс еді. Қараңғы халықты оятамын деп күш салған ерекше, дара тұлғалардың бірі ретінде тануыма себепші болған.

Сонымен қоса, өзімді қызықтырған мәселелердің бірі – Мұқаң көзі тірісінде қандай адам болған еді деген сұрақ. Шын мәнінде де, бүгінгі таңда оқып жүрген дарынды тұлғаларымыз өз заманында қандай болды? Бәрімізді қызықтыратын мәселе деп ойлаймын. Бір минутқа болсын, сол заманға, дәл сол сәтке оралып, Мұқанды өз көзіммен көрсем екен. Ақынға қазіргі заманның жайын айтып, мәдениетіміздің, білім-ғылымның дамығанын, қараңғы халықтың ояғанын, осындай ұлан-байтақ елде ешкімге тәуелді болмай, бейбіт өмір сүріп жатқанымызды, осындай үлкен арманның орындалуына себепкер болған тұлғалардың бірі сіз, Мұхаметжан Сералин екенін айтып, жеткізер едім.

Бір деректерде Сұлтанмахмұт Торайғыров Мұхаметжанды «қарапайым, кішіпейіл, адамды алаламай, іші-бауырына тартып сөйлесетін жайдары кісі екен» деп сипаттаған еді. Ол кісі ешкімді шетке қаққысы, ешкімнің көңілін жыққысы келмеді. [6, 309] Ал, Ахметғали Сафарғалиұлы Рахматуллин «Мұхаметжан ағай өнерді өте қатты сүйетін, ізетті, тәрбиелі адам еді» деп сөз еткен. [6, 324]

Сондай-ақ, қазақтың тұңғыш журналы «Айқапты» дүниеге әкелуі – оның теңдессіз еңбегі болып табылады. Сондықтан да, Мұхаметжан Сералинді қазақ журналистикасының атасы деп атап кеткен. Қазақ журналистикасының көгінде бірі – Ай, бірі – Күн болған «Қазақ» пен «Айқап» өз заманында қазақ үшін әдеби, мәдени орта болған.

«Өмірдің ащысын көп татқан адам – тәттінің қадірін біледі» деп зая айтпаған. Тіпті, Мұқаңға қатысты айтылған сияқты. Өмірде жетімдіктің, жоқшылықтың тауқыметін көп көріп, осындай қилы заманда өмір сүруінің өзі бұған дәлел.

Мұқанның «Хадиша», «Наурызбай», «Талапбек» сияқты шығармалары көп уақыт бойы айтылмай келді. Жұртшылыққа таныс «Топжарған», «Гүлкәшима», «Рүстем-Зораб» сияқты шығарымалары да тақырыптық, идеялық жағынан дұрыс бағаланбады.

Қазіргі заманда адамдар байлыққа бой алдырып, әділеттілік, адалдық, тазалық, мейірімділік сияқты адамдықтың ең құнды қасиеттерін аяқ асты етіп, өзінің жеке қара басын ғана ойлайды. Мұқаң сынды қараша халықтың қамын ойлайтын жандардың саны азаюда. Қазақ жұртына дұрыс жол көрсету үшін бәріне дайын еді.

Шәкәрім болса Мұқаңмен салыстырғанда мүлде бөлек әлем. Ақынды зерттеу барысында көптеген жаңа, тың дүниелермен таныс болдық. Ақынды үнемі ақыл-ой мәселесі қызықтыратынын байқай аламыз. Тіпті, оның шығармаларында адамға қажетті ең асыл қасиет – ақыл екендігі сөз етіледі. Ол барынша ғылым, дін, халықтық мәселелер жөнінде көп толғанып, өзімен бірге ойлануға шақырады. Таза адам, таза иман тұжырымдамасын іздеуге, соған қол жеткізуді өзінің шығармаларына арқау етіп, елді де осыны түсінуге шақырады. Яғни, бұрын-соңды түсінбегеніміз үшін, Шәкәрімнің «ақыл» мен «ұжданды» бәрінен де жоғары қоятыны көзімізге ерекше түсті.

Өзінің туындыларында ақын тыңдаушысына ең әуелі адам болмысын түсіндіретінін байқаймыз. Ақын өлеңдерін асықпай, асқақ көңілмен емес, кішіпейіл, ізденімпаз, ерекше көңілмен оқыған дұрыс болар. Ақын ақыл, рух – адамға аспаннан, Жаратушыдан келген сый

деп түсінеді. Тәңірі жолы – ақылдың, адамдықтың жолы. Ақын осы Тәңірі жол – адамдықты тандап, соны «ертерек ескеріп әдет қыл» деп ой салады.

Шәкәрім ақын қазақ әдебиетіндегі өзіндік ұстанымы, жолы, болмысы бар ерекше дара тұлға. Ақын арманы – өзі таныған ақиқаттың көпке жетуі. Ол өзінің бар болмасына өмірлік зор ізденісімен жеткенін жақсы біледі. Оның шығармаларында бұрынғы өткен білімділер сөзіне сүйеніп, солар айтқан, ежелгі ойшылдар жеткен ақиқатқа тартылады. Алайда, бұған қарамастан, өзіне ешкімді пір тұтпаған. Оның пірі – таза, әділ, сау ақыл мен ақ жүрек сияқты дүниелер еді.

Ендігі мәселе, Абайдың шәкірті, Ахаттың әкесі, халықтың ұлы Шәкәрім ғашық болды ма? Бұл да көпті қызықтырған сауалдардың бірі болды, және бұл сауалымызға иә деген жауап аламыз. Ғашықтықтың сиқырлы торына жиырма үш жасында байқамай ілінген Шәкең, біз ойлағаннан да романтик, сезімтал болып шықты. Бұрыстығын білсе де, салдарының қиын боларын сезсе де сол бір махаббат жолында мен құрбан дегендей күрескерлік көрсетіп ақыры дегеніне жеткен екен. Шәкәрім әлемін өзіне асық қып ойландырған, дертінің емі үшін шашына байландырған, “Шын сырымдай” өлеңнің шығуына себепкер болған Айқаншадай ғашығымен бақытты ғұмыр кешкені көңілімізді жайландырмай, қуандырмай қоймады.

Шәкәрім өкіметті қабылдай алмағандығы жайлы бәрімізге мәлім. Ақынды ұмыттыру үшін кеңес өкіметінің адамдары оны алдымен атып өлтірді. Тіптен зираты ұмытылды. Шәкәрімнің атын атауға ресми тұрғыда тыйым салынды. Ақынның еңбектері архивтерде, жеке адамдар қорында тығулы жатты, ұрпақтар әдебиет пәнінен Шәкәрімді ауыздарына алып көрген жоқ. Өйткені оқулық, кітаптарда ол туралы бірде-бір хабар болмады. Алайда, халқына адал сырын айтқан, сырласқан, бағыт ұсынған жанның мәңгілік ұмытылуы мүмкін емес. Күндердің бір күнінде бәрі орнына келеді деп сенген. Шәкәрім сол күнді аңсап кеткен.

Осыған байланысты, Шәкәрімнің ұлы Ахат ақын жатқан, құм басқан құдықты жалғыз қазғаны жайлы дерекпен таныспыз. Еті арыған әке сүйегін жайып қойып, атылған оқтың ізін тапты. Әкесінің дене бітімін хатқа түсіріп жатқан сәтте, кенеттен күтпеген бір жай болды. Ол, әкесімен әңгімелесуі еді. Шәкәрім «артымда сөз қалдырған елім, ұрпағым бар еді, неліктен құр құдықта дұғасыз көп жыл шөгіп қалдым. Менің сөзім еліме жетпеді ме, жоқ па?» деп еді, Ахат «Сізді мерт еткендер, сізді «халық жауы» деп жария етті. Сіздің мұрагерлеріңіз Мағжан, Ахмет, Ілияс, Бейімбеттер «халық жауы» атанып, атылды» деген екен.

Әкесі туралы ақиқатты күте-күте зарығып Ахат та дүниеден өтеді. Тек, Ахаттың жылы болғанда әке мұрасы халық қазынасына келіп қосылды. Шәкәрім тұңғыш рет мектеп оқулығына енді. Осыдан, ақынның аңсағаны орындалды деуге болады. [4, 413]

Біздің ойымша, Шәкәрімді таныған әрбір қазақ азаматының да оны терең түсініп, жан-жақты танып білуі оңай емес. Сонда да, шығармашылығын оқыған әрбір адам оның халқын қаншалықты сүйгенін, қазақты өрге сүйреуге барынша ниеттенгенін түсіне алады. Шәкәрім жүйессіз заманда өмір сүрген. Ақын сүрген кез патша үкіметі мен большевиктер, одан кейін зобалаң жылдарға ұласып, нағыз бейберекет, жүйесіз заманға тап келген. Осындай қиын, қилы заманда білімді, ғылымды, ақылды бәрінен биік қойған Шәкәрімді халық ешқашан ұмытпас.

Кім болсын, Шәкәрім болсын, жоқ Мұқамеджан Сералин болсын, болашақта, мысалғы 22 ғасырда, әлі де зерттеу үстінде болар ма екен? Қандай дәрежеде зерттеледі екен? Жас ұрпақ бұл жандардың мұрасын әрі қарай насихаттай ала ма? Түрлі-түрлі сұрақтар мені мазалайды. Бірақ, бізге беймәлім... Сонда да, біздің ойымызша, осындай дара, дана тұлғаларды ұмыту мүмкін емес. Олардың мұрасында әлі де ақтаңдақ күйінде сақталып қалған, зерттеуді қажет ететін мәселелер өте көп. Бұның бәрін халық назарына паш ету, оны жариялау, зерттеу – қазіргі біздің және бізден кейінгі өскелең ұрпақтың қолында.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сейсенұлы Д. Шәкәрім: ғұмырнамалық деректі хикаят. - Алматы: Қазақстан, 2009. - 256 б.
2. Әбдіғазыұлы Б. Шәкәрім әлемі. - Алматы: Раритет, 2008. - 408 б.
3. Есім Ғ. Ғұлама - наме: трилогия: Хакім Абай. Данышпан Шәкәрім. Кемеңгер Мұхтар. - Астана: Хас-Сақ-2016, 2019. – 628 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6-том: XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті (1900-1917) / жалпы ред. бас. А. Егеубаев, Ж. Ысмағұлов. - Алматы: ҚазАқпарат, 2006. - 610 б.
5. Нысанова С. Қ. Мұхамеджан Сералиннің қоғамдық-саяси қызметі: тарих ғылымд. канд. дис. автореф. / Ш.Ш.Уалиханов атындағы Тарих және этнология институты. - Алматы, 2008. - 24б.
6. Ыдырысов Қ. Сералин М. Мақалалары, публицистикалық шығармалары, поэмалары және аудармалары. - Астана : Аударма, 2002. - 334 б.
7. Кенжебаев Б. Журналист Мұхаметжан Сералин. - Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957. - 36 б.
8. Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. - Алматы: Атамұра, 2008. – 335 б.

ӘОЖ 17.14.9

А. Байтұрсынұлы мысалдарының ғибраты

Ахметкереева Гүлдара Аликқызы, Жұмадин Ұлдана Қуатбекқызы
uldana.zhumadin@icloud.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
 1-курс студенттері, Астана, Қазақстан
 Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор Байтанасова Қ. М

Мысал - өмір шындығын тұспалдап, астарлап беретін жанр. Мысал қоғамдағы, айналадағы келеңсіздікті тауып, сюжетіне арқау етеді, әлеуметтік өмірдің шындығы ашылады. Қазақ әдебиеті тарихында маңызды мұра қалдырған А.Байтұрсынұлы «Қырық мысал» жинағы арқылы қазақ қоғамында белең алған өткір мәселелерді арқау етті. Әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен орыс ақыны И.Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырды.

Жинаққа енген мысалдардың көлемі шағын, ғибраты терең. Қызықты оқиғаларды арқау еткен мысалдарды қазақшаға аударған А.Байтұрсынұлы оның мән-мазмұнын тереңдетті. Сол арқылы қазақ қоғамында өзекті болып тұрған мәселелерді ишаралай жеткізді. Мәселен, «Аққу, шортан һәм шаян» мысалында бір жүкті аққу көкке, шаян кейінге, шортан суға тартып, орнынан қозғалта алмайды. Үшеуінде ынтымақ пен бірлік секілді қасиеттердің болмауы кесірінен, жеңіл жүк олар қанша машаққаттанса да сол күйі қала берді.

«Тартса да бар күштерін аямай-ақ, Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр, Бірыңғай бәрі тегіс тартпаған соң» [1, 22]. Яғни үшеуінің ынтымағы болмағандықтан, жеңіл жүктің өзін қозғалта алмайды. Себебі, үшеуі үш жаққа тартып, күштерін ортақ мақсатқа біріктіре алмайды.

Мысал – аллегориялық жанр. Айтылатын ой ашық берілмейді. Астармен, меңзеумен беріледі. Жануарлар әлемі, құс, өсімдік тағы басқалары мысалда бас кейіпкер ретінде алынады. Өткір сын да, ащы сатира да, байсалды юмор, келемеж, мысқыл да мысал жанрында көрінеді [2, 110].

«Егіннің бастары» мысалының басты идеясы – тәкәппарлық қасиетті сынау. Мысал әкесі мен баласының егін бастарына келуінен басталады:

Бір адам жас баласын жанына алды,
 Екеуі сайран етіп кетіп қалды.
 Қыдырып әрлі-берлі жүрді дағы,